

Қарашығанақ кен орнында тұрлаусыз газ конденсатын қайта өңдеу жөніндегі шағын тоннажды қондырғыны салу және іске қосу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 962

Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында көмір сутегі шикізатының бір бөлегін қайта өңдеу есебінен Батыс Қазақстанда мұнай өнімдерінің қосымша көлемін алу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының, "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының және "Гилла" фирмасының қуаты 400 мың тонна тұрлаусыз газ конденсатын өңдеуге арналған шағын тоннажды қондырғы салу жөніндегі "Конденсат" бірлескен кәсіпорнын (бұдан былай - "Конденсат" БК) құрғаны, осы қондырғы бойынша жобалау жұмыстарының атқарылғаны, жабдықтар беріп тұруға байланысты контракттар жасалып, құрылыс жұмыстарының басталғаны еске алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі "Аджип" және "Бритиш Газ" компанияларының тобымен контракт әзірлеген кезде "Конденсат" БК-ның өңдеуші қондырғысының Қарашығанақ кәсіпшілігінің аумағында орналасуын және "Қарашығанақгазөнеркәсіп" мемлекеттік кәсіпорнына берілген техникалық шарттардың сақталуын көздейтін болсын.

3. "Конденсат" БК-ның газ конденсатын өңдеуге арналған шағын тоннажды қондырғысының құрылысына Қазақстан жағынан қатысушылардың жарнасының валюталық үлесін қамтамасыз ету үшін "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы үшін 1993 жылы 200 мың тонна газ конденсатын және "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы үшін 100 мың тонна мазутты экспортқа шығаруға квота б ө л і н с і н .

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі шағын тоннаждық қондырғы пайдалануға берілген сәттен б а с т а п ж ы л с а й ы н :

республиканың отын балансында Қарашығанақ кен орнынан 400 мың тонна көлемінде тұрлаусыз конденсат өңдеу үшін шикізат;

шағын тоннажды қондырғы құрылысына жұмсалған құрылтайшылардың валюталық шығыны орнын жапқанға дейін валюталық түсімнен және осы түсімнің бір бөлегін белгіленген тәртіппен сатудан кеден бас салығын алдын ала төлей отырып, өндірілетін мөлдір мұнай өнімдерінің 30 процентіне дейінгі көлемде және мазуттың 70 процентіне дейінгі көлемде экспортқа шығаруға квоталар мен лицензиялар бөлінуін к ө з д е й т і н б о л с ы н .

5. Қазақстан Әлем банкі "Конденсат" БК-ның 10 млн. АҚШ доллары сомасына 200 мың тонна газ конденсатын және 100 мың тонна мазутты экспортқа шығаратындығына шет ел инвесторлары үшін банк кепілдігін беру мәселесін қарайтын болсын.

(6 - т а р м а ғ ы) < * >

Ескерту. 6-тармағының күші жойылған - Қ.Р.К.М. 2 қараша
1994 ж. N 1219 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне Қарашығанақ мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі шағын тоннажды қондырғысы құрылысының жүзеге асырылуына және оның уақтылы пайдалануға берілуіне бақылау ж а с а у ж ү к т е л с і н .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК